

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Өтесінқызы Балғара

otessinkyzybalgara03@mail.ru

«Дене тәрбиесі және спорт» білім бағдарламасының 1 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, магистр, аға оқытушысы – **Мәден С.С.**

Баланың бойында адамгершілік қасиеттердің негізі отбасында қалыптасады. Ата-ананың аялы алақаны, туған үйдің жылуы баланың көкірегінде өмір бойы сақталып, мәңгі есінде қалады. Отбасындағы адамдармен қарым-қатынаста бала мәдениетті болуды үйренеді, жеке адамға тән ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Ал балабақшада бүлдіршін отбасында ата-анасынан алған тәлім-тәрбиені одан әрі жалғастырып, жандандырады. Дер кезінде берілген мектепке дейінгі білімнің әр бүлдіршін үшін маңызы өте зор. Балабақшаның ең басты мақсаты - мемлекеттік білім беру бағдарламасына сай мектеп жасына дейінгі бүлдіршінің жан-жақты, эстетикалық дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Кішкентай бүлдіршіндердің алғашқы даму кезеңінде білім мен тәрбие беру жұмысы жан-жақты болуы заман талабы. Тәрбие жұмысын әдетте мектепке дейінгі тәрбиеден, яғни балабақшадан бастаған дұрыс. Әдетте, адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтан баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің бойында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуына ең алдымен ата-анасы міндетті. Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы»–деген екен. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлерін оқып үйрену, өнеге тұту, жас ұрпақты ізгілікке баулу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ұлттық тәрбиенің құдыретін қанша айтсақ та, тауысу мүмкін емес. Осындай ұлы тәрбие ізгіліктері бала кезден, бұла кезіңнен бастау алмаса, кейін өте қиынға соғатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

Балаға тәрбие беру ең алдымен жалпы педагогикалық міндет. Педагогика үлкен тарихи шеберлікпен жинақталған сала. Бұл сала – практикалық, сонымен бірге жалпы теориялық – түсінуді қажет етеді. Тарихи-педагогикалық материалды шығаруға мүмкіндік беретін тұжырымдар бүгінгі мұғалім мен сауатты жұмысты әлеуметтену барысымен байланысты кәсіби маман үшін маңызды. Тәрбие – ең алдымен адамның мінез-құлқы. Оқыту мен тәрбие арқылы интеллектуалдық кемелденуде қалыптасса, ал әдептілік арқылы адамның қалыптасқан жағдайдағы мінез-құлқы болып табылады. Оқу-тәрбие процесі – тәрбиенің өз міндетіне қарай қозғалысы болып табылады. Тәрбиенің міндеті - бұл бізге болашақта күш салатын нәрсе және бәрі де осыған бағынады: мазмұны, ұйымдастырылуы, оқытудың формалары мен әдістері балаға тәрбие беруде маңызды құрал.

Қазіргі таңда аса маңызды болып отырған білім беру мекемесі мен мұғалімдер өздерінің практикалық іс-әрекетінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуі. Нақты орындауда олардың міндеті тікелей шешілген мәселелердің тұжырымдамасы ретінде ұсынылады. Осыған орай маман барлық білімді – білім берудің ең жоғары міндеті, оқу орнынан қол жеткізуі қажет. Бүгінгі таңда мұғалімдердің басты міндеті – оқушының интеллектуалдық, жоғары адамгершілік, сезімдік, еңбексүйгіштік және физиологиялық дамуына ықпал ету, жалпы адамзаттық құндылықтармен таныстыру үшін алғышарттар жасау, мүмкін болатын қабілеттерін, шығармашылық мүмкіндіктерін анықтай отырып, өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, және табысқа жеткізу. Алайда қазірге осы сала жақсы дамысада туындап отырған сұрақтар өте көп. Неге қазіргі балалар бұрынғы ұрпақтан

ерекшеленеді? Ал қазіргі балалардың тәрбиесі қандай болуы керек? Олар неге дамымай қалуда? Бұл мәселелерді қалай шешуге болады?

Қазіргі балалардың өмірі мен дамуында, тұрмысында, оны қоршаған ортада шешімі табылмай жатқан мәселенің тым көбейіп кеткендігі жасырын емес. Қазіргі қоғамдық дамуда бала жалғыз қалып, адасып, аса бір қиын жағдайда өсіп жатқандығына күн сайын емес, сағат сайын өмірдің өзі бір көрініс ұсынуда. Қазіргі уақытта қиындық болып отырған мәселе заманауи балалардың, жаңа технологиялық дәуірдің әртүрлі даму тенденцияларын зерттеуге қызығушылық айтарлықтай арттуы. Әрине, бұл балалық шақ суретіне деген көзқарасты өзгертуде. Педагогтар мен психологтар 21-ғасырдың баласы жиырма жыл бұрынғы құрбысынан кем де, жақсы да болмағанын, ол жай ғана басқаша болып кеткенін баса айтады! Қазіргі балалық шақтағы зерттеулерді теориялық талдау негізінде біз бала дамуының келесі түрлерін анықтадық: дарынды; сандық, агрессивті, ойнаушы, жалғызбасты, сәби, дамуында ауытқуы бар. Бұл сөзіме ғалымдардың пікірі дәлел болып табылады.

Заманауи зерттеушілер Джон Палфри мен Урс Гассердің айтуынша, «өмірінің басында цифрлық әлемге тап болған және бұл әлемді тек осылай білетін адамдар «цифрлық жергілікті тұрғындар» болып табылады және бұл авторлар аға ұрпақ өкілдеріне «цифрлық мигранттар». Ғалымдардың пікірінше, цифрлық дәуірдің балалары психологиясы, этикалық стандарттары, саяси құрылымы, шығармашылық үдерісі өзгертін өз қоғамын жасайды. Педагогтар мен психологтарды ерекше алаңдататын нәрсе - шығармашылық процесті деп аталатын нәрсемен ауыстыру. «шығармашылық». Сандық жергілікті тұрғындар онлайн өмір мен офлайн өмірдің айырмашылығын көрмейді. Осы санаттағы балалардың дамуының сөзсіз оң аспектілерінен көрі балаларға теріс әсерін көбірек беруде.

Цифрлық балалардың дамуының жағымсыз көріністеріне мыналар жатады:

- шынайы өмірді виртуалды өмірмен ауыстыру;
- шығармашылық және этикалық нормалар мен құндылықтар туралы бұрмаланған идеялар (Мұғалімдердің байқауы бойынша, шындық, жомарттық, эмпатия және басқаларға жанашырлық сияқты басым құндылықтарды таңдайтын балалар аз)
- ақпараттық мәдениеттің төмен деңгейі;
- оқу күзінеттілігі төмен;
- «экранға тәуелділік»

Балаларда «әлі сыбырлап оқитын немесе саусақтарын бір сызық бойымен жылжыту арқылы өз-өзіне көмектесетін 7-8-сыныптағы әлсіз оқитын мектеп оқушылары (және кәдімгі сабақтарда бұлардың төрттен бір бөлігі бар) Қазіргі кезде осы мәселелер ауқымды болуда. «Экранға тәуелділік» құбылысын тіркейді. Экраннан ақпаратты қабылдауға дағдыланған бала оқу іс-әрекеті кезінде үнемі сыртқы ынталандыруды қажет етеді, дайын ойын-сауықты аңсайды, құрбыларымен немесе үлкендермен тірі қарым-қатынасқа ұмтылмайды. Ол тіпті мінез құлыққада әсер етеді. Агрессия дәл осы категория өзара әрекеттесуде қиындықтар туғызады, әсіресе жас мұғалімдер арасында. Проблемалық өріс дамудың бірқатар теріс тенденцияларымен байланысты:

- агрессивті баланың эмоционалдық әлемі жеткілікті бай емес, сезім палитрасында күңгірт реңктер басым;
- тіпті стандартты жағдайларға реакциялар саны өте шектеулі;
- адамның мінез-құлқын дұрыс бағаламау және эмпатияның төмен деңгейі.

Бұның барлығы қосылып баланың сөйлеуі жағынан кедергілер көбейеді. Қазір байқасаңыздар логопед мамандарының көмегіне зәру бала көп. Бұл мәселе бастауыш сынып ұстаздарына да көп ауыртпашылығын салуда. Дыбыстарды дұрыс айта алмаған бала сауатты жазуы төмен болады. Сабақ барысында білгенін жеткізе алмай қиналады. Дене дамуынада өзінің теріс әсерін тигізуде. Осындайда педагогтар мен отбасының өзара әрекеттестігі мақсатты процесс болып табылады, нәтижесінде баланың дамуына қолайлы жағдай жасалады. Мұғалімдер мен отбасы арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынасты қалыптастыру ұзақ процесс, оның табыстылығы осы қарым-қатынастардың негізін қандай принциптер құрайтынына байланысты. Отбасымен өзара әрекеттесу процесінде білім беру мекемесі келесі

принциптерге негізделеді: арнайы мамандар көмегімен біріге отырып жұмыстар ұйымдастыру, ата – ана мен мекеме арасында байланыс, арнайы орталықтармен бірігуі. Сонымен қатар мұғалімдердің, оқушылардың және олардың ата-аналарының бірлескен шығармашылығын ұйымдастыру, интеграция және мақсаттарды саралау. Жас маман ретінде айтарым бұл әрекетіміз балаларды тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған оқу процесіне қатысушылардың міндеттері мен әрекеттері жақсы нәтижені береді. Отбасының тәрбиелік мүмкіндіктері бірдей емес және көбінесе құрылымға, әлеуметтік, жас және гендерлік құрамға байланысты. Тәрбие жұмысы барысында оқушылар тапсырмалар алады, оның аяқталуы олардың ата-аналарымен қарым-қатынасын қамтиды. Сыныптағы іс-шараларды өткізудегі ата-аналардың оң бастамасы атап өтіледі және мадақталады: алғыс жарияланады, нақты жұмысқа қатысқаны үшін және оқу жылының соңында алғыс хаттар беріледі.

Ата-аналармен жұмыс кезінде келесі негізгі міндеттер шешіледі:

-ата-аналарда олардың бала тәрбиесіндегі рөлі туралы, мектеп пен сыныптың оқу-тәрбие процесіне қатысу қажеттілігі туралы дұрыс түсініктерді қалыптастыру;

-отбасымен және балалармен жұмыстың әртүрлі формаларын жүргізу кезінде мектеп пен сынып жұмысында ата-аналардың субъективті ұстанымын қалыптастыру;

-ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін қалыптастыру;

-ата-ана мен бала арасындағы сыйластық пен сенім қарым-қатынасын дамыту;

-ата-аналарға баламен қарым-қатынастың өзекті мәселелері, отбасылық тәрбиенің өзекті мәселелері бойынша жеке консультациялық көмек көрсету, «педагог-ата-ана» сенім телефонын құру.

Мамандармен жасалған жұмысты бала үйге барғанда белгілі тәртіпті сақтап, ата – анасы бірге жұмыстанбаса, барлық жұмысты жоққа шығарады. Сол үшін ата – ананың кері байланыста жұмыс жасауы аса маңызды. Ата – ана жұмысынан бөлек арнайы мамандандырылған топтар құрып жеке жұмыстар жасалу керек. Тіпті балабақшалардың әрқайсысында бір – бір топ ашылуда. Мектепкеде бұл қажет.

Қорыта келе, осы тақырыпты алудағы мақсатым жас болашақ маман ретінде болашақта саналы ұрпақты қалыптасуна үлес қосу болып табылады. Ата – анамен жұмыс жасап қана қоймай арнайы топ құрып және орталықтармен бірлесу арқылы оң нәтиже көрсете аламыз. Жас мамандағы сәт бұл жастық қуатты энергиямен, ширақтығымен, ойынының да, ісінің де жылдамдығымен ерекше. Осы тұнып тұрған кезімде артымнан із қалдыруым қажет, ал бұл менің болашақ ұрпақтарды үлкен азамат қылып, толықанды тәрбиелеу болып табылады. «Қалаған адам амал табады, қаламаған адам себеп табады» - деген ұстанымды ұстана отырып осы жазған мақалама сай нәтиже шығарамын деп нық сеніммен айта аламын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Волосова Е. Развитие школьников. – М.:Изд-во «Академия», 2014.
2. Выготский Л.С. Кризис трёх лет // Дошкольное образование. – М.:Изд-во «Академия», 2015.
3. Голубева Л.Г. и др. Развитие и воспитание детей раннего возраста: учебное пособие / под ред. В.А. Доскина, С.А. Козловой. – М.: Издательский центр «Академия», 2010.
4. Ермолаева М.Е. Психология развития [текст] / М.Е. Ермолаева. – М.: МПСИ, 2016.
6. Калинин А.В., Микляева Ю.В., Сидоренко В.Н. Развитие игровой деятельности школьников: Методическое пособие. – М.: Айрис-пресс, 2014

